

**Жас натуралистер мен экологтардың "Қазақстан - менің елім"
республикалық форумының
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің РМҚК «Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы» 2014 жылғы 22-23 сәуірде Алматы қаласының Жас натуралистер стансасында V Республикалық Жас натуралистер мен экологтардың "Қазақстан - менің елім" форумы өткізілді.

Форумға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Алматы қаласы білім басқармасының өкілдері, жоғары оқу орындарының мұғалімдері мен қала қонақтары, республикадағы білім беру ұйымдарының 7-11 сыныптағы жас табиғат зерттеушілері, мектеп орманшылықтарының көшбасшылары, көгалдандыру мен абаттандыру бригадасы, экологиялық күзет бойынша 80 оқушысы қатысты.

Форумның мақсаты: оқушылардың белсенді өмірлік және азаматтық ұстанымын қалыптастыру, отансүйгіштік санасын тәрбиелеу, білім алушылардың ғылыми ойлау және зерттеу қабілеттілігін дамыту.

Жас экологтардың келесі номинациялар бойынша жеке және ұжымдық жұмыстары ұсынылды:

1) «Қоршаған орта - келешек ұрпақ үшін» тақырыбындағы шығармашылық жұмыс көрмесі (ландшафттық дизайн бойынша жобалар, электр энергиясын үнемдеу және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі плакаттар, балалар бірлестігінің әлеуметтік пайдалы экологиялық қызметі туралы фоторепортаждар, үй тұрмысында қолданылған және қалдық материалдардан жасалған шығармашылық жұмыстар);

2) «Тіршілік кеңістігінің экологиясы» зерттеу жобаларының байқауы (*“Жасыл экономика – табиғат ресурстары мен электр энергиясын шығынсыз пайдалануға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалар байқауы; “Туған өлкенің биологиялық алуандылығын сақтаймыз және байытамыз” – туған өлкенің биологиялық әр алуандық жүйесін сақтау және оны байыту бойынша зерттеу жобаларының байқауы (ерекше қорғауға алынған табиғи аумақтар бойынша жобалар, ботаникалық, зоологиялық зерттеулер; “Денсаулық және қоршаған орта” – айналамызды қоршаған табиғи ортаның адам ағзасымен бірегей байланысын анықтауға арналған зерттеу жобаларының байқауы; «Балалар және экология» - балалардың туған өлкесінің экологиялық мәселелеріне қарым-қатынасын айқындайтын бейнекөріністер байқауы)*

Форум бағдарламасы:

1. **22 сәуір 10.00** - «Біз Ғаламшардағы тіршілік үшін жауаптымыз» салтанатты ашылуы
2. «Қоршаған орта – болашақ ұрпақ үшін» көрмесіндегі шығармашылық жұмыстардың тұсаукесері.
3. «Тіршілік кеңістігінің экологиясы» - экология бойынша әлеуметтік-маңызды зерттеулік және жобалық жұмыстар.

23 сәуір 15.00 - Форумның салтанатты жабылу және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі.